

**"Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2894 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 22 қараша N 3235

Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_82-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Заң күші бар Жарлығының U952694\_50-бабының 3-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесін құру туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2894

U962894\_

Жарлығының 1-тармағына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) мына сөздер алынып тасталсын:

"Малахов Михаил Федорович - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы;

Нәрікбаев Мақсұт Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры;

Нұрпейісов Еркеш Қалиұлы - Қазақ Мемлекеттік заң институтының ректоры";

2) мына сөздермен толықтырылсын:

"Нәрікбаев Мақсұт Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы;

Сапарғалиев Ғайрат - Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Мемлекет және құқық институтының директоры;

Шуткин Степан Иванович - Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК